

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 желтоқсан N 1501. Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-құжат) орындау үшін және "Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және талантты жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы негізінде (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 338-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 желтоқсандағы
N 1501 қаулысымен

БЕКІТІЛДІ

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы ЕРЕЖЕ

1. Бұл Ереже "Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және талантты жас ғалымдарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасының

ғылыми-техникалық басымдығын қамтамасыз ететін, көкейкесті ғылыми және әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ғылыми проблемалар немесе міндеттерді шешуге бағытталған өзіндік зерттеулер ұсынушыларына немесе бағдарламаның жауапты орындаушыларына (жетекшілеріне) конкурстық негізде беріледі.

3. Ғылым мен техниканың дамуына аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандар алатын мемлекеттік ғылыми стипендияларды иеленуге мемлекет үшін басым бағыттарда ірі немесе қолданбалы зерттеулерді жүргізуде, жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауда, ірі ғылыми немесе практикалық проблемаларды шешуге белсенді қатысушы кандидатуралар ұсынылады.

4. Талантты жас ғалымдар алатын мемлекеттік ғылыми стипендияларды иеленуге жасы 35-ке дейінгі, проблемаларды шешуде белсенді зерттеулер жүргізуге қатысушы және еңбектері ғылыми қауымға танымал кандидатуралар ұсынылады.

5. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) Министрлік алқасының шешімі негізінде шыққан бұйрығымен екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685 қаулысымен.

6. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға үміткерлікке ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жоғары оқу орындарының және басқа да ғылыми қызмет атқаратын ұйымдардың ғалымдарының ғылыми-техникалық, ғылыми кеңестерінің, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы күшіне енген кездегі сайланған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы толық мүшелерінің ұсынуларына құқы бар. Ғалымдар (ғылыми-техникалық, ғылыми) кеңестері жасырын көпшілік дауыспен өткен үміткерге дәлелдемелі шешім қабылдап, оны хаттамамен ресімдеп Министрлікке жібереді.

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685 қаулысымен.

7. Мемлекеттік ғылыми стипендияларға ұсынылатын құжаттарды ресімдеу тәртібін Министрлік айқындайды және конкурстың өткізілуі жайлы хабардар етеді.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685 қаулысымен.

9. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындау конкурсын өткізу туралы шешім мен конкурста сұрыптаудан өткен стипендиаттардың тізімі республикалық ресми баспасөзде жарияланады.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685
қ а у л ы с ы м е н .

10. Стипендиаттар өздерінің кандидатураларын ұсынған кеңестердің алдында
е с е п б е р і п о т ы р а д ы .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685
қ а у л ы с ы м е н .

11. Министрлікке мемлекеттік ғылыми стипендия қаржысын төлеу
республикалық бюджетте тиісті қаржылық жылында қаралады.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685
қ а у л ы с ы м е н .

12. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар стипендиаттарға бекітілген айлық
жалақысының, зейнетақысының, стипендиясының, түрлі қосымша ақылардың
үстіне қосылып негізгі жұмыс орнында беріледі.

13. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар республикалық бюджет қаражатынан
бөлінетін Қазақстан Республикасы Президентінің өмірлік ай сайынғы
стипендиясын алатын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен
Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы толық мүшелеріне
т а ғ а й ы н д а л м а й д ы .

13-1. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды төлеу мерзімінен бұрын:

- 1) стипендиаттың ғылыми қызметін тоқтатуы;
- 2) стипендиаттың Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тұрақты
т ұ р ғ ы л ы қ т ы ж е р г е к е т у і ;
- 3) стипендиаттың қайтыс болуы;
- 4) өзге де жағдайларында тоқтатылады.

Мемлекеттік ғылыми стипендияны төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы
шешімді Министрліктің алқасы тиісті ғалымдар (ғылыми, ғылыми-техникалық)
кеңесінің ұсынысы негізінде қабылдайды.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.10. N 685
қ а у л ы с ы м е н .